

БЕКІТЕМІН

«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс
Қазақстан университеті» КЕАҚ



Басқарма Төрағасының орынбасары –
стратегиялық даму және халықаралық
ынтымақтастық жөніндегі проректор

И. Ровнякова

2026 ж.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ СТУДЕНТТЕР ҮЙЛЕРІНЕ ОРНАЛАСТЫРУ ТӘРТІБІ

**2026–2027 оқу жылына университет пен Жоғары колледж білім
алушыларын Студенттер үйлеріне орналастыру тәртібі**
(2026 жылғы 15 тамыз бен 5 қыркүйек аралығы)

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №219 «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №66 «Білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» бұйрығы негізінде «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ білім алушыларын 2026–2027 оқу жылына Студенттер үйлеріне орналастыру тәртібі бекітілді.

1. Өтініштерді қабылдау

1-курс студенттерінің Студенттер үйіне орналасу туралы өтініштері университеттің ресми порталы <https://platonus.vku.edu.kz/> арқылы онлайн форматта 2026 жылғы 15 тамыз бен 27 тамыз аралығында қабылданады.

2. Жоғары курс студенттерін онлайн тіркеу

2.1. 2–4 курс студенттерінің бұрын тұрған Студенттер үйлеріндегі орындары сақталады.

2.2. 2–4 курс студенттері 2026 жылғы 28 тамыз бен 5 қыркүйек аралығында университеттің ресми порталы <https://platonus.vku.edu.kz/> арқылы онлайн тіркеуден өтуі тиіс.

2.3. 2–4 курс студенттері белгіленген тіркеу мерзіміне дейін ерте келген жағдайда Студенттер үйлеріне орналастырылмайды. Орналастыру тек 1-курс студенттерін тіркеу және орналастыру үдерісі толық аяқталғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

Студенттерді Студенттер үйлеріне орналастыру:

Студенттер үйі №1 Педагогика жоғары мектебінің келесі білім беру бағдарламалары бойынша білім алатын 1–4 курс студенттері: «Дене шынықтыру және спорт», «Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық», «Сауықтыру дене шынықтыру», «Алғашқы әскери дайындық», «Музыкалық білім беру», «Педагогика және психология», «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі», «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу», «Арнайы педагогика», «Психология», «Клиникалық психология», «Әлеуметтік педагогика», «Эргопедагогика», «Дефектология» Мекенжайы:

Өскемен қаласы, Менделеев көшесі, 7 мекенжайындағы №1 Студенттер үйіне орналастырылады.

Студенттер үйі №3 Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің келесі білім беру бағдарламалары бойынша білім алатын 1–4 курс студенттері: «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Халықаралық қатынастар», «Тарих», «Саясаттану», «Тарих және қоғамтану (IP)», «Шетел тілі: екі шетел тілі», «Аударма ісі», «Ағылшын тілі (IP)», «Шетел тілдері (IP)», «Журналистика», «Тарих – География», «Дінтану және философия» Мекенжайы: 30-шы Гвардиялық дивизия көшесі, 42 мекенжайындағы №3 Студенттер үйіне орналастырылады.

Студенттер үйі №4 IT және жаратылыстану ғылымдары жоғары мектебінің келесі білім беру бағдарламалары бойынша білім алатын 1–4 курс студенттері: «Компьютерлік мехатроника», «Математика – Физика», «Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау», «Математика», «Информатика», «Ақпараттық жүйелер», «Математика – Информатика», «Физика», «Физика – Информатика», «Ядролық физика», «Материалтану және жаңа материалдар технологиясы», «Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы», «Кәсіптік оқыту», «Робототехника және жасанды интеллект» Мекенжайы: 30-шы Гвардиялық дивизия көшесі, 40 мекенжайындағы №4 Студенттер үйіне орналастырылады.

Студенттер үйі №5 Жоғары колледж студенттері, сондай-ақ Бизнес және құқық жоғары мектебінің: «Экономика», «Менеджмент», «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Есеп және аудит», «Мемлекеттік аудит», «Қаржы», «Құқықтану», «Туризм» білім беру бағдарламалары бойынша білім алатын студенттер және IT және жаратылыстану ғылымдары жоғары мектебінің: «Биология», «Биология – жаратылыстану», «Химия», «Химия және наноматериалдар», «Химия – Биология», «Химиялық криминалистика», «Экология», «Орман ресурстары, аңшылық және омарташылық», «География», «Ғылыми биология», «Жер туралы ғылымдар» білім беру бағдарламалары бойынша білім алатын студенттер 30-шы Гвардиялық дивизия көшесі, 38 мекенжайындағы №5 Студенттер үйіне орналастырылады.

3. Орналасу үшін қажетті құжаттар

- Ректордың атына жазылған, жоғары мектеп деканы мен тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректордың келісім белгілері қойылған өтініш;
- Жеке куәліктің көшірмесі;
- 3×4 көлеміндегі фотосуреттер (3 дана).

Қосымша (бар болған жағдайда):

- екі ата-анасының немесе жалғыз ата-анасының қайтыс болғаны туралы куәліктің көшірмесі не балалар үйінен анықтама;
- қандас мәртебесін растайтын куәліктің көшірмесі;
- отбасында төрт және одан да көп баланың бар екендігі туралы анықтама;
- мүгедектік туралы анықтама.

4. Орналастыру алгоритмі

- өтініш беру және университеттің ресми порталы арқылы онлайн тіркеуден өту;
- университеттің орналастыру және ордер беру жөніндегі комиссиясының шешімін күту;
- комиссия шешімі негізінде білім алушыға Студенттер үйіне орналасуға арналған ордер беру;
- ордер алғаннан кейін медициналық пунктте медициналық тексеруден өту;
- медициналық тексеруден өткен соң білім алушы тиісті Студенттер үйіне барып, комендантқа құжаттарын тапсыру және нақты бөлмеге орналастырылу.

5. Тұру ақысы

2026–2027 оқу жылында Студенттер үйлерінде тұру құны бір төсек-орын үшін айына **15 000 теңгені** құрайды.

Бос орындар болған жағдайда әртүрлі білім беру бағдарламаларында оқитын бір отбасының мүшелері туыстық қатынасты растайтын құжаттарды ұсынған кезде бір Студенттер үйіне және бір бөлмеге орналастырылуы мүмкін.


Қазақстан Республикасының Тұрғын үй кодексіне сәйкес 14 жасқа толған әртүрлі жыныстағы балалардың бір бөлмеде тұруына жол берілмейді.

Қосымша ақпарат алу үшін келесі нөмерлерге хабарласуға болады: тел.: +7 (7232) 54-07-08, 54-04-27, +7 705 980 41 70 немесе университеттің Call-орталығына.

Ата-аналар мен туыстардың Студенттер үйлерінде тұруына рұқсат етілмейді.

Әзірлеген:


Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі бөлім жетекшісі



А. Кенжебаева

Келісілді:

Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор




Н. Алимбекова

Басқарма мүшесі – тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректор



Ж. Калимолдина

Басқарма мүшесі – экономикалық мәселелер және цифрландыру жөніндегі проректор



Е. Мукажанов